

Ә. Тарақов

## АУЫЗША АУДАРМА ТАРИХЫ

Тарихи деректерден белгілі болғандай, гректер басқа халықтарға менсінбеушілікпен қарап, оларды варварлар деп атады. «Жыртқыштардың» тіліне де аса мән бермеді, ықыластана қоймады. Гректер өздерінің сыртқы элеммен қатынасы үшін сол жырқыштардың арасынан грек тілін білетін жалдамалы тілмаштардың қызметін пайдаланды. Мұндай аудармашылар жайлы тіпті әдеби ескерткіштерде, Флавий Филостраттың (б.д.д 2 ғ) «Аполлон Тианскийдің өмірі» атты романында атап өтілген.

Гректерден бір ерекшелігі ежелгі римдіктер аудармамен кеңінен айналысты. Сондықтан шетелдіктерден, «сыртқы» тілдерден аударма жасау басым орын алды. Мұның өзі антикалық дәуірде рим мәдениетінің қалыптасуына айтарлықтай рөл атқарды. Тіпті ежелгі рим мәдениеті грек мәдениетінің жүйелі түрдегі «аудармасы» деген көзқарастар да болды. Алайда ежелгі Рим ескерткіштерін терең зерттеу барысында Рим мәдениеті алғашында өзінің қалыптасу кезеңінде грек мәдениетінің көрінісінде қуатты қолдау ала отырып, өзінің дербес даму жолына түсті.

Әйтсе де, Рим өзінің қалыптасуының бастапқы сатыларында Грециямен анағұрлым тығыз байланыс жасады. Аударманың ауқымды бөлігі грек тілінен жасалғаны да осыны қуаттайды. Бір қызығы римдіктер де өзінің тілін жыртқыштар тілі санап, грек тілін қатты құрметтеді, сол тілді білуге ынтықты, сол тілде жазуға дағдыланды. Мәселен, алғашқы римдік тарих жазушылар (б.д.д. 3 ғ. ) Квинт Фаабий Пиктор тәрізділер грек тілінде жазды. Грек тілін білу білімділіктің кепілі, гректермен дипломатиялық қатынастар қоғамдағы жоғарғы мәртебе саналып, сол кезде де аудармамен қамтамасыз етілді. Мұны Римнің ықпалды азаматтары атқарды. Бізге мәлім ең алғашқы ауызша аудармашы бұл сенатор Гай Ацилий. Сонау 155 жылы Римге Корнеад, Диоген, Криптолай т.б. философтары бар грек елшілігі келгенде ол сенатта тәржімешілік қызмет жасады.

Ауызша аударманың тарихы жазбаша аудармаға қарағанда терең. Өйткені, жазу өнері қалыптасып, дамығанша, ел мен елді, ұлт пен ұлтты өзара жақындастыруда, ортақ тіл табыстыруда ауызша аударманың үлкен үлесі болғаны анық. Әрине алғашқы аудару бары-

сында ойды ұғыну мақсатында сөздерді мүмкіндігінше мағынаға сай жеткізу оңай болмағанда шығар. Ауызша аударманың біртіндеп қалыптасу аясында сөздерді неғұрлым дәл, айқын жеткізу, айтылған ойды айнытпай түсіндіру де біртіндеп сипат ала бастады. Ауызша аударма сыртқы байланыстарда (сирек жағдайда ішкі байланыс, Вавилондағы тәрізді) қызмет етті. Ауызша аудармалар (мәселен Египеттегі сияқты) кәсіби қасталарды құрауы да, не болмаса бұл рөлді жол-жөнекей атқаруы да мүмкін. Мысалы Римдегідей бір мезгілде ірі қоғамдық қайраткерлер болуы немесе Грециядағы тәрізді (варварлар) жыртқыштар қатарынан қажеттілікке сай жинақталуы мүмкін. Қалай дегенде де ауызша аудармашының қай дәуірде де дәурені жүріп тұрды. Мысалы ежелгі уақытта еуропалық мемлекеттердің қалыптасу аралығында дипломатиялық байланыстарды орнықтыруда олар айтулы орын алды. Бүгін дәлелденіп жүргеніндей, шығыс мәдениетінің, ғылымының шарықтай көтеріліп, Еуропаға қарай біртіндеп таралуының түпнегізінде тәржімешілік, тілмаштық қызметтің рөлі айқын. Ежелгі саяхатшылардың жазып қалдырған еңбектерінде көз-көрген оқиғалардан басқа дерек, мәліметтердің келтірілуі, сөз жоқ, арадағы дәнекер ретінде бірден-бір тіл білетін, жол білетін тілмаштар ықпалы болғаны шындық. Бір ғана мысал: грек, рим ақын-жазушы, философ, тарихшыларының еңбегінде сақ (скиф) елі жайлы қандай да бір деректің кездесіп отыруы жайдан-жай емес. Тарихи дерек куәландырып отырғандай, олар шет елдік (яғни сақ, ғұн аудармашыларын) пайдаланып отырған.

Тілмаштар қалыптасқаннан кейін, аудармашылықтың күнделікті өмірге, ел тірлігіне, мәдениетіне, экономикасына, саясатына, сауда ісіне сан-салалы қарым-қатынасына жарап, қызметі де, мәртебесі де артты. Ол біртіндеп ресми қызмет аясына еніп, мемлекеттердің бір-бірін тануында рөл атқарды. Мысалы XVIII ғасырда Еуропада алғаш рет ауызша аудармашы қажеттілігі сезілген жағдайда шынайы ынтықылас туғызған заңгер Петрус де Боско болды. Ол Парижде шығыс тілдерінен аударатын ауызша аудармашылардың арнайы жоғары мектебінің ашылуына тікелей ықпалын тигізді. Сонымен бірге Филипп IV патшаға мұндай мектепті құрудың қажеттілігіне негізделген

еуропалық мәдениеттің Шығысқа қысым көрсете бастауына куәландыра келе, оқытудың үлгілі бағдарламасын ұсынды.

Ауызша аударма әркез бір ғана негізгі мақсатты көздеді, ол – адамдарға барынша түсінікті ұғымдағы ақпаратты жеткізу. Бұл үшін қалыптасқан дағды, білім, білік, қабілет, сөйлеу шеберлігі талап етілді. Ауызша аудармашы қызметінің аясы әлі күнге шектеулі. Шектеулі болу себебі, ол қажеттілікте ғана қолданылады.

Аударманың жасалу мүмкіндігіне ХХ ғасырдың басында лингвистикадағы психологиялық бағыттарды қалыптастыруға байланысты күмән туындады. Көп жағдайда ауызша аудармада оның дәлдігіне, жақындығына, мағыналық сәйкестігіне белгілі бір дәрежеде нашар орындалған жағдайда күмән қалыптасқаны да белгілі.

Қазақ хандығының, қазақ елінің ежелден көрші елдермен кең ауқымда сауда, экономикалық, саяси, дипломатиялық қарым-қатынастарында тілмаштық қызмет үлкен рөл атқарған. Тіпті кейбір хандарымыз (Абылай хан) көрші елдердің тілдерін жақсы білген. Ресми хаттарда да жазу мәдениетін жақсы меңгерген. Көрші мемлекеттермен елшілер арасындағы кездесулерде арада екі тілді білетін тілмаштар жүрген. Солардың есімдерінің де тарихта қалмауы осы үлкен жауапкершілігі зор кәсіптің қадірін кезінде жете түсінбеушілік болса керек. Дегенімен, сол тілмаштар ел мүддесіне, ханға шынайы берілген адамдар болған. Өйткені ел тарихында қандай хандық дәуірде де елдік мүддені сатып кеткен, болмаса, елшілік дауын туғызған тілмаш жайлы дерек кездеспейді. Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына байланысты тілмаштардың қызметі мен беделі арта түскені белгілі. Өйткені патша әкімшілігі тілмаштарды өз мақсатына пайдаланған. Мол ақша және жергілікті бай-болыстардың қомақты тартуына дәнникен тілмаштар үшін ел мүддесінен гөрі билеушілердің зұлым пиғылдарын қолдап, қоштау басым еді. Сондықтан да Абайдың:

«Я тілмаш, я адвокат,

Болсам деген бәрінде ой»

деп күйінетіні де – аудармашылық өнерді меңгеріп, ел мәдениетіне қызмет етуден гөрі, тілмаштық кәсіпті жеке басының баюына құрал ететіндерге қарсылық. Абайдың:

«Ойында жоқ бірінің

Салтыков пен Толстой»

деп әдебиет әлеміне бет бұрғызуының астарында көркем аудармашылыққа ден қоюды көздеп отырғаны анық.

Ресей отарлығы кезінде тілмаштардың дүмбілезділігі, бұра тартушылығы, ақшаға, малға малданып, отарлаушыларға қызмет еткені сол кезді баяндайтын шығармаларда да аз айтылмайды.

ХХ ғасырдың басында тілмаштық кәсіпті қалай ермек еткендер жайлы А. Байтұрсынов та жазған: «Бұлардың 5-6 жыл оқып білгені шалашарпы орыс тілі, шалашарпы орыс жазуы... Переводчик, хатшылық орын-морын табылса жарады, табылмаса елде тұрып, тіл де, жазу да ұмытылып, оқымаған қалпына түседі... «аз білімін көпсініп, көп қазаққа епсініп», переводчик я хатшы болса, пысықсып тінектейтіндер осылардан шығады». Бұдан сол кездегі тілмаштың бет-бейнесі аңғарылады. Өркениетті, озық елдер аудармашылықты ішкі саясатта, мәдениет, білім, ғылымда қолданумен бірге, басқа мемлекеттерде өз мүддесін жүргізуге де пайдаланған. Аудармашылық кәсіпке фашистік Германиямен болған соғыс жылдары ерекше көңіл бөлінді.

Қазіргі уақытта халықаралық саяси ірі шараларда аудармашылар жұмысының маңыздылығы арта түсуде. Озық, өркениетті елдер аудармаға ерекше мән берген. Әлем халықтарының, көрші елдердің тілін білу, үйрену мәселесін ыждаһатты түрде қолға алып отырған. Сондықтан оларда аударма түрлері дамып, аудармашылық мектептер қалыптасып, жетілдірілуі елді өзге мемлекеттермен байланыстыруға әрі өзге елдерге сол мемлекетті жете таныстыруға негізделген.

Жазба өнері қалыптасқанға дейін де, ел мен елдің, адам мен адамның өзара қарым-қатынасында, байланысында ауызша аударма қызмет жасады. Ауызша аударма тарихын зерттеуші М.Снекл-Хориби Ежелгі Египетте аудармашыға соншалықты менсінбей қарау оның жексұрын жыртқыштар (варварлар) тілінде сөйлегендігінен деп санайды. Көп уақытқа дейін оған жеккөрінушілік көзқарас қалыптасты. Мұнда тілмаштар белгілі кәсіби қауымды құрады. Египетте бірінші аудармашы – Анхурмес (Тунистің жоғары абызы).

Бүкіл әлемде аудармашылар кәсіби одаққа, қауымдастық пен бірлестікке біріккен. Мұндағы мақсат – кәсіби құқықты қорғау, мәртебені нығайту, ақпарат алмасу, кәсіби тәжірибе алмасу. Солардың арасында анағұрлым белгілі халықаралық ұйымдар: Аудармашылардың Халықаралық федерациясы, Ауызша аудармашылардың халықаралық қауымдастығы, Әдеби аудармашылардың еуропалық қауымдастығы. Аудармашылар одағы әр елде бар. Мысалы

АҚШ-та Американдық аудармашылар қауымдастығы, Германияда ауызша және жазбаша аудармашылардың федералдық одағы және көркем және ғылыми әдебиеттер аудармашыларының федералдық одағы бар. Ресей аудармашылар одағы 1991 жылы құрылып, 1993

жылы Халықаралық аудармашылар федерациясы құрамына кірген.

1. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переводоведения: Учебное пособие по устному и письменному переводу. СПб., Изд. «Союз», 2003 – 288 с.

2. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком. М., 1994.

**Ә. Тарақов**

## АУЫЗША АУДАРМА ҮДЕРІСІ

Екі тілді білгеннің бәрі аудармашы болып шықпайды. Кәсіби аудармашы болу үшін арнайы теориялық білім алады. Сонан соң біраз уақыт тәжірибелік тұрғыдан шындалады. Аудармашылық мектептер, оқу орындарының жұмысы аудармашыны кәсіби маман ретінде дайындауға негізделген. Қазіргі заман талабы аудармашылықтың тәжірибе жинаумен емес, теориялық мол әзірлікпен қалыптасатындығын дәлелдеп отыр. Бұрындары ауызша аударғанда арнайы теория қалыптаспағандықтан, әр аудармашы өз қабілетіне, тілді меңгеру мүмкіндігіне сүйенді. Көптеген күрделі аудармашылық шешімдердің өзі теориялық тұрғыдан терең талдап түсіндіру қиындығын туғызғанымен, көп жағдайда аудармашының кәсіби танымы мен шығармашылық машығына негізделді.

Аударма теориясы ең алдымен аудармашының кәсіби негіздегі жинақталған білімін, қос тілділік жағдайындағы ізденісін, жаңа ойтұжырымдармен, тәжірибелермен толықтыруға, аудармашылық машықты жетілдіріп, ізденісін, шеберлігін ұштауға көмектеседі. Аудармашылық әдеп нормаларын сақтауға дағдыландырады. Аударма теориясы аударма жасаудың түрлі тәсілдерін үйретеді, жаңа ізденістің үлгілерін көрсетеді, тәжірибе жетілдіреді, аударма ісіне қолданылып жүрген жаңа терминдермен таныстырады.

Ауызша аударма – шығармашылық іс емес, техникалық сипаттағы үдеріс. Аударма үдерісі мықты теориялық білім нәтижелерінсіз әрі үнемі ізденіп, жаттығусыз мүмкін емес. Аударма теориясын жақсы меңгеру арқылы болашақ аудармашы тәжірибе жинақтайды. Ауызша аударма – аса жауапты жұмыс. Ауызша аударманың жасалу технологиясы, әдістемелері,

аударма үдерістері, аудармашы әдебі, мәдениеті – кәсіби мамандандудың басты негіздері. Қазіргі өмір тәжірибесі көрсеткендей, кәсіби теориялық білімсіз аударма жүзеге асырылмайды. Екі немесе бірнеше тілді жақсы меңгеру аудармашыға жеткіліксіз. Оның кәсіби ой-өрісін дамыту үшін аударма теориясы әбден қажет. Ең алдымен жалпы тіл білімін, теориялық грамматиканы, лингвистиканы, аударма тілінің стилистикасын, салыстырмалы стилистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану, нейрофизиология пәндерін жете білу қажет. Ауызша аудармашы шешен де шебер сөйлеуге дағдыланумен бірге, тіл мәдениетін жетік меңгеруі тиіс. Ойды дұрыс, жинақы жеткізу, сөзді жедел есте сақтап, жылдам қайталап айту белсенділігін меңгеруге логика және аударма психологиясының ықпалы да бар.

Ауызша аудармашы жұмыс барысында әр саланың мамандарымен жиі араласады. Аудармашыға әр кәсіп иесімен, мамандармен әңгімелесу, яғни, аудару қажеттілігіне сай сол саладан жеткілікті хабардар болу маңызды. Әр мамандықтың қыр-сырын білу қашан да қажет.

Аудармашы – адамзат білімі мен қызметінің әр саласынан мәліметтер, деректерді бірегей жинаушы. Ауызша аударма үдерісі көп жағдайда бағдарлы білімге негізделеді. Бұл дегеніміз аудармашының сан салалы білімнен, ғылымнан жеткілікті хабардар болуы. Ол ойтанымын үнемі дамытумен бірге, үнемі ізденісте жүреді. Ауызша аудармашыға жаңа білім саласын жедел меңгеру қажеттілігі де туады. Мәселен ертеңгі болатын жиын атом энергиясы саласы болса, келесі бір (конференция) мәслихат қазіргі медицина мәселесіне арналса, үшінші кездесу халықаралық сауда ұйымы туралы болуы мүмкін. Осы жағдайда әр саладан жаңа